

Тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын субъектілердің тұрақты қаржылық жағдайын анықтау үшін қажетті құжаттар мен көрсеткіштер тізбелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімінің шешімі 2002 жылғы 20 ақпандағы N 3-1-5. Астана қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 6 наурызда тіркелді. Тіркеу N 175. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 9 желтоқсандағы N 06-22 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2009.12.09 N 06-22 шешімімен

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметтерді лицензиялау Ережесін бекіту туралы" P011432_ қаулысының 18 тармағы 1) тармақшасын орындау барысында Астана қаласының әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын субъектілердің тұрақты қаржылық жағдайын анықтау үшін қажетті құжаттар мен көрсеткіштердің ұсынылған тізбесі б е к і т і л с і н .

2. Астана қаласы базарларындағы сауданы ұйымдастыру және бір жолғы талондарды беру жөніндегі басқарма Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген құжаттар мен көрсеткіштер тізбесіне сәйкес тұрақты қаржылық жағдайындағы Астана қаласының ойын бизнесі субъектілеріне лицензия беруді ұйымдастырсын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Н.З. Нығматулинге жүктелсін.

Астана қаласының әкімі

В и з а л а р :

Астана қаласы қаржы департаментінің бастығы

Астана қаласы салық

комитетінің төрағасы

Астана қаласы базарларындағы

сауданы ұйымдастыру және бір жолғы талондары беру жөніндегі басқармасының
б а с т ы ғ ы

КЕЛІСІЛДІ БЕКІТЕМІН Қазақстан Республикасының Астана қаласы әкімінің қаржы вице-министрі 2002 жылғы 20 ақпандағы N 3-1-5 шешімі Тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын субъектілердің тұрақты қаржылық жағдайын анықтау үшін қажетті құжаттар мен көрсеткіштер ТІЗБЕСІ 1. Құжаттар: 1) Бухгалтерлік баланс.* 2) Қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындысы туралы есеп беру.* 3) Ақша жүрісі туралы есеп беру.* 4) Ұсынылған қаржылық есеп-қисаптың растығы мен әділдігі туралы аудиторлық есеп беру. 5) Бюджетке салық және басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегі болмаған жағдайда тіркелген жері бойынша салық комитетінің анықтамасы. Ескерту: * Түскен өтініш бухгалтерлік есеп пен әдістемелік ұсыныстар стандарттарына сәйкес айдың 1-де жасалады. 2. Көрсеткіштер: _____

_____ Көрсеткіш Мағынасы Есепте формуласы _____ 1.

Абсолюттік өтімділік 1-ден кем емес Ақшалай қаражат коэффициенті Ағымдағы міндеттер 2. Тәуелсіздік 0,5-тен кем емес Меншікті капитал коэффициенті Жиынтық капитал - (капитал, дербес баланс валютасы меншігінің концентрациясы) 3. Қаржыландыру 1-ден кем емес Меншікті капитал коэффициенті Тартылған (қарыз) капитал (міндеттер) 4. Ағымдағы өтімділік 2-ден кем емес Ағымдағы активтер коэффициенті (жалпы Ағымдағы міндеттер орнын толтыру) _____

_____ Астана қаласы базарларындағы сауданы ұйымдастыру және бір жолғы талондары беру жөніндегі басқарманың бастығы Мамандар: Омарбекова А.Т. Жұманазарова А.Б.